

**Көксу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 120 "Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 382 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 2 қарашада № 24995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 30 наурыздағы № 120 "Көксу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4641 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Бейсенбайға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көксу ауданы әкімі*

*А. Әділ*